

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Ақмұллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

МАЗМУНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/PLENARY SESSION		
1	Ибраимов Х. И. Международный опыт и инновационные методики подготовки будущих учителей к эффективной профессиональной деятельности	3
2	Doğan M. Artificial intelligence in higher education: between opportunity and risk	6
3	Оспанова Б.К. Инклюзивті білім беру: тұлға дамуының факторы ретінде	10
1 секция: Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері 1 секция: Глобальные тренды педагогического образования и науки 1-section: Global trends in pedagogical education and science		
4	Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау: жағдайы, мүмкіндіктері, мәселелері	15
5	Вахидова Л.В. Образовательная среда как пространство профессионального развития будущего педагога	19
6	Мардонов Ш.К. Подготовка высококвалифицированных специалистов в сфере образования	23
7	Набиулина Н.Г., Фазлыева А.Ф. Формирование социальной компетентности будущих специалистов психолого-педагогического профиля в процессе профессиональной подготовки	27
8	Жиенбаева С.Н., Азербаяев Д.Н. Болашақ эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруды зерттеу тәсілдемелерін талдау..	31
9	Жиенбаева С.Н., Мукажанов Н.К. Университет түлектерінің кәсіби ортаға бейімделуін құзыреттілік тұғыры негізінде ұйымдастыру	36
10	Ахатова Д.А. Педагогика ғылымы, оның дамуы және заманауи салалары	40
11	Аликулова А.Б. Эксперимент барысында мектепке дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары мен ерекшеліктері	45
12	Джаббаров Ш.Х. Развитие профессиональных компетенций у будущих специалистов авиации как глобальный тренд педагогики	49
13	Жаббаров З.Р. Взаимосвязь между мотивацией обучающихся и качеством образования с учётом глобальных трендов в педагогической науке	52
14	Касымбекова А.Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	57
15	Медетова Р.М. Подготовка будущих учителей как глобальный тренд педагогической науки	61
16	Пирматов С. Развитие визуальной культуры у студентов как глобальный тренд педагогической науки	64

17	Садикова Ш.А. Международный опыт и применение инновационных методик для социализации детей дошкольного возраста	67
18	Табишев Т.А. Компетентностно-квалификационная модель выпускника вуза: тренды и инновации (российский и международный опыт)	70
19	Тожибоева Х.М. Формирование у подростков иммунитета против «массовой культуры» на основе гендерного подхода как глобальный тренд педагогической науки	75
20	Шохиён Н.Н., Джафарзода С.Ф. Об актуальности разработки учебника: «Педагогика успеха и творческое управление временем в контексте внедрение цифровых технологии в Вузе»	79
21	Khasanova Sh.T, Rahimova U.A. The role of educators in teaching children visual arts activities	83
22	Аубакирова Ж.К. Данияр Ш.Д. Шетелдік студенттердің жоғары оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделуін анықтайтын заманауи әдіс-тәсілдер	86
23	Алимбетова Р.В. Инновационные технологии на уроках русского языка: современные подходы и глобальные научные тренды	90
24	Байсарина С.С., Жумадилова А.Н. Жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің инновациялық интеграциясы	94
25	Нуркасымова С.Н., Нұрланқызы Г. Білім алушылардың физика пәнінен шығармашылық қабілеттерін арттыру	99
26	Садыкова Д.А., Оралбекова К. Р. Нейропедагогика және когнитивтік ғылым негізіндегі оқыту әдістерінің дамуы: қазіргі халықаралық тәжірибе	103
27	Паштанов С.У., Ахмаджанова Д.С. Болашақ мұғалімдерді даярлауда жаттығуларды қолдану	108
28	Zhalelova G.M., Khamzina Z.B., Albekova A.Sh. On the methodological aspects of teaching professional english in agricultural universities (<i>with an Emphasis on the Use of AI.</i>)	112
29	Анорбоев А.А. Стратегии трансформации воспитательного процесса в учреждениях общего среднего образования на основе национальных и международных подходов	117
30	Zhaukina S. Environmental awareness of future teachers	121
31	Tokashova G.Zh. Pedagogical and psychological aspects of supporting academic mobility	126
32	Бободжонова М.М. Развитие навыков аналитического чтения у студентов экономических специальностей при работе со специализированными текстами	130
33	Бобоев Х.Ю. Сущность идеологического иммунитета к идейно-информационным атакам в педагогическом образовании	135
34	Зулпукарова Д. И., Жакыпбекова А.Т. Сманова Н.Т.	139

	Электронный учебник как ключевой элемент образования	
35	Норбутаева Д.А. Роль семьи в развитии художественно-эстетического вкуса и дизайнерских навыков учащихся как глобальный тренд педагогического образования	144
36	Пирматова М.С. Комплексное изучение поэтики художественных произведений на занятиях литературы как глобальный тренд педагогической науки	147
37	Собирова Н.Н. Использование невербальных средств в образовательном процессе	151
38	Селиверстова И.А. Нейродидактика и иноязычно-образовательный процесс	156
39	Сағынғали Б.А. Математиканы оқытуда жобалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік қүзыреттілігін дамытуға әсері	161
40	Тургунбоев Б.И. Педагогические возможности формирования мира и национальных и международных подходов	165
41	Ходжаев О.Ш. Педагогическая модель, критерии и результаты практических испытаний	168
42	Экстерович А.И. Снижение агрессивных проявлений у подростков посредством привития навыков социально одобряемого поведения	173
43	Kokteubay Z.Zh. Karmenova N.N. Student-centered strategies for enhancing learning outcomes in economic and social geography	177
44	Абишева А.Х. Научно-педагогические предпосылки развития основ исследовательской компетентности учащихся	181
45	Джумагазиева А.К. Формирование экологической ответственности у студентов педагогических колледжей в контексте глобальных трендов педагогического образования и устойчивого развития	186
46	Кемалова Г.Б. Педагогика ғылымы контексіндегі психологиялық иммунитет	191
47	Кусаинова А. Ж. Терминологиялық жүйенің дамуына әлеуметтік факторлардың ықпалы	195
48	Сатыбалдина М.Б., Мусина Г.Б. Жоғары оқу орнындағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу механизмдері	199
49	Уриа Ш. Историко-ретроспективный анализ развития национальной системы образования в республике маврикий	206
50	Alpanova A.M. Integrating mass media into efl teacher education: a pathway to intercultural communicative competence	211
51	Aituganova K. Peer assessment in modeling foreign language writing instruction	215
52	Ваेतова Е.	220

	Development of independent foreign language learning skills among students majoring in psychology and pedagogy	
53	Aubakirova A.A. Interference in efl: error analysis and teaching solutions	225
54	Rufina A. Integrating art therapy methods into teacher education programs: a communicative perspective	230
55	Gaisin A.I. Role of emotional intelligence in the development of stress resistance and mindfulness in pedagogical context	232
56	Bakhytkyzy Sh. Students' emotional intelligence and awareness of emotional intelligence in efl learning	235
57	Glumova A., Makhambetova Zh. Navigating the future: career orientation among 9 th grade students	239
58	Zhanbolat I.N. Self-regulated learning strategies of university students: a qualitative study from Kazakhstan	243
59	Kobeisnova G. Socio-cultural determinants of sexual health literacy within educational environments: empirical evidence	247
60	Kuanysheva S. Academic resilience studies and future research directions	252
61	Kazakhova A.V. Teaching english through gamification: a pedagogical experiment and expected changes in students' academic motivation	256
62	Rakhmetova A.T. Developing students' cultural awareness in the process of teaching english	261
63	Sovet B. Effective methods of teaching a foreign language in the context of a competency-based approach (based on grades 10–11)	266
64	Temirbay M. The role of school mediation in preventing conflicts among participants in the educational process	269
65	Балғабек Е.Ә. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың маңызы	271
66	Бакиева Т.Б. Орта білім беру жағдайында ата-аналардың кәсіби бағдар беру үдерісіне ықпалы: Қазақстан тәжірибесі	276
67	Елубаева Р.С., Тельбаева У.Д., Уйсембаева А.А. Бастауыш сыныпта жекелеген пәндерді интеграцияланған оқытуда STEM технологиясын қолданудың маңыздылығы	279
68	Жалалдин Д.Н., Абдреимова К.А., Калимолдаева А.К. Гибридті оқыту жағдайында оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдері мен құралдары	283
69	Исахова П.А. Современные требования к первоначальной подготовке кабинного экипажа в условиях авиационного образования Республики Казахстан	287

70	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Жоғары сынып оқушыларының функциональдық сауаттылығын биология пәні негізінде қалыптастыру	292
71	Исабаева Л.У. Об уровне развития критического мышления у старшеклассников и влияющих на него факторах в современных образовательных условиях	295
72	Кыдыр А. Е. Жаратылыстану ғылымдарындағы STEM технологиясының маңызы	300
73	Куатбекова А.М., Джетимов М.А. Химия пәнінде жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде	303
74	Моминова Г.М. К вопросу о применимости понятия академической социализации в школьном образовании	306
75	Мұқашева А.Б. Студенттердің эмоциональдық тұрақтылығын дамытудағы педагогикалық-психологиялық алғышарттар	310
76	Нұрланова А., Рыстыгулова В.Б. Орта мектепте оптика бөлімін оқытуда ойын технологиялары арқылы оқушылардың концептуалды түсінуін қалыптастыру	317
77	Оралбай Ж.С., Рыстыгулова В.Б. Мектеп физика курсында космология элементтерін кіріктіріп оқытудың тиімді әдістері	322
78	Онбаева Н.Ш., Аренова А.Х. Тұлғаның тірек құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық мәселелері	331
79	Оразалина А.Ж. Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын дуалды оқыту жағдайында қалыптастыру: халықаралық салыстырмалы талдау	334
80	Сарин Е.Т., Адилова В.Х. Инновационная цифровая модель «Smart-стопа» в системе здоровьесбережения и профилактики функциональных нарушений стоп у юных хоккейных вратарей	338
81	Соснина И.Ю., Махамбетова Ж.Т. Модель психолого-технологической поддержки интеграции иностранных студентов: от адаптации к развитию в глобализирующемся образовательном пространстве	344
82	Тұрсынжан Н.Б. География сабақтарында PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру және орындау әдістемесі	349
83	Тасмуратова М.Н. Импульстің, энергияның және зарядтың сақталу заңдарын оқытуда цифрлық ресурстарын пайдалану жолдары	352
84	Уалиева М.А. Роль преподавателя в снижении цифрового стресса студентов в условиях цифровой образовательной среды	356
85	Эркинқызы Б., Тургунбекқызы А., Жээнбаева Э.К. Использование компьютерных технологий в реализации межпредметных связей в начальных классах	360

86	Amirbay Zh. K. Theoretical aspects of research on artificial intelligence and digital technologies in teacher education	365
87	Гапу Ә.Н. Английский язык как образовательный ресурс в условиях глобальных изменений	371
88	Жаканова Н.М. Білім беру мекемелерін басқарудың педагогикалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктері	374
89	Муратова Г.А., Исеноманова А.Е., Кажиева М.Ф. Глобальные тренды педагогического образования и науки	377
90	Тұрлыбай Д.Н. Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері: бастауыш сынып оқыту саласы	380
91	Укиева М.И. Биология сабақтарында зерттеу жұмыстары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру	385
92	Гитихмаева Л.М. Развитие компетенций специалистов помогающих профессий в рамках дисциплины «Практикум по soft skills»	390
93	Жорабек А. Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда PISA тапсырмаларының рөлі	394
94	Асылханқызы М. Сыни ойлауды қалыптастыруда кластер тәсілінің рөлі	399
95	Арқабай І.М., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану әдістемесінің тиімділігі	403
2-секция: Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар		
2-секция: Искусственный интеллект и цифровые технологии в педагогическом образовании		
2-section: Artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education		
96	Ying W. Theoretical construction and cultivation paths of physical education teachers' digital literacy from the perspective of embodied cognition	408
97	Khodjiyeva F.O., Mutova M. U. Artificial intelligence and critical thinking in conducting and receiving instruction	412
98	Karakhanova L. M. Increasing parental responsibility in protecting students from internet threats in a globalizing society is a requirement of the time	415
99	Ибрагимова Э. И., Сабиралиева З. М. Интеграция искусственного интеллекта в педагогическое образование: возможности и риски	419
100	Исаева З. Т. Отражение цифровых технологий и социальных медиа в педагогических сегментах	422
101	Верниенко Л.В. Инструменты методического сопровождения профессиональной деятельности педагога в цифровой образовательной среде	427

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАР****Мұқашева Ардагүл Болатбекқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

mukashevaab.1976@gmail.com

Аннотация. Мақалада ЖОО студенттерінің эмоционалдық тұрақтылығын дамытудың педагогикалық және психологиялық алғышарттары қарастырылады. Жоғары білім беру жағдайындағы студенттердің эмоционалдық күйі олардың оқу жетістіктеріне, кәсіби қалыптасуына және тұлғалық дамуына тікелей әсер ететіні негізделеді. Мақала аясында эмоционалдық тұрақтылық ұғымының мәні ашылып, оған ықпал ететін ішкі (жеке психологиялық ерекшеліктер, мотивация, өзін-өзі реттеу қабілеті, т.б.) және сыртқы (педагогикалық орта, оқу әдістері, студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынас, құрдастар арасындағы қарым-қатынас, т.б.) факторлар талданады. Сонымен қатар студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық-психологиялық шарттар мен әдістер сөз етіледі.

Кілт сөздер: эмоционалдық тұрақтылық, педагогикалық алғышарттар, психологиялық алғышарттар, студент, жоғарғы оқу орны, қарым-қатынас, әлеуметтену үдерісі, өзін-өзі дамыту.

Жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптар саны артып, студент тұлғасына жан-жақты даму, икемділік және психологиялық тұрғыда ұстамдылық пен тұрақтылық секілді қасиеттерді қалыптастыру міндеттері жүктелуде. Оқу үдерісіндегі академиялық жүктеме, әлеуметтік ортаға бейімделу, болашақ мамандыққа қатысты жауапкершілік пен бәсекелестік студенттердің эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Осыған орай эмоционалдық тұрақтылық студенттің табысты білім алуына, кәсіби қалыптасуына және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды психологиялық факторлардың қатарына енеді. Студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын дамыту – тек жекелеген психологиялық ерекшеліктермен ғана емес, сонымен қатар педагогикалық орта, оқыту әдістері, оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас, оқу процесін ұйымдастыру деңгейімен тығыз байланысты күрделі үдеріс. Сол себепті бұл мәселені педагогикалық-психологиялық тұрғыда сабақтастыра отырып қарастыру маңызды мәселе болып табылады.

Психологияда эмоционалдық тұрақтылық – тұлғаның жүйке-психикалық тұрақтылығы, эмоционалдық реакциялардың тепе-теңдігі мен икемділігі ретінде қарастырылады. Соның ішінде күйзеліске төтеп беру қабілеті, эмоцияны басқару дағдысы, фрустрациялық жағдайларда өзін-өзі реттеу мүмкіндігімен сипатталады.

Педагогикалық тұрғыда эмоционалдық тұрақтылық – студенттің оқу үдерісіне бейімделуіне, оқу мотивациясы мен қарым-қатынас мәдениетінің дамуы барысында маңызды орын алады. Білім беру ортасында эмоционалдық тұрақтылық – білім алудағы тиімділікті арттырады, коммуникативті дағдыларды жетілдіреді, тұлғааралық қарым-қатынастарда жағымды атмосфера орнатады, академиялық күйзелістерге қарсы тұруға көмектеседі. Сол себепті педагогикалық әсер ету арқылы эмоционалдық тұрақтылықты дамыту мүмкіншілігі зор. Эмоционалдық тұрақтылықтың педагогикалық-психологиялық негіздемесі оның тұлғалық дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі және академиялық табыстылықтағы рөлін дәлелдейді. Бұл қасиетті мақсатты түрде дамыту арқылы болашақ маманның кәсіби жетілуіне және тұлғалық қалыптасуына ықпал етуге болады.

Тұлғаның әлеуметтенуі мен жаңа ортаға бейімделу процесінің жалпы заңдылықтары педагогикалық мәселе ретінде А.В.Мудрик, Е.В.Руденский, Ж.Ә.Әбиев, Х.Т.Наубаева, Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, Е.И.Бурдин, С.Б.Бабаев секілді ғалымдардың зерттеу нысандары болды. Тұлғаны тұлғааралық қабылдау, әлеуметтік қабылдау және ықпал ету мәселелері Д.В.Ярцев, К.А.Абульханова-Славская, В.С.Агеев, В.А.Петровский, Дж.Тернер, К.Т.Куанжанова, С.К.Адилжанова, Ж.Н.Әбдімұса, Г.Ж.Сарбасова, Н.К.Тоқсанбаева, Ж.И.Намазбаева еңбектеріне арқау болды. Тұлғаның қарым-қатынас орнату және әлеуметтік бейімделу мәселелерін И.С.Кон, А.А.Реан, М.С.Яницкий, Д.В.Ярцев, У.Ж.Тұяқова, А.Р.Ризулла, Қ.М.Тайболатов т.б. ғалымдар зерттеді.

Десек те, студенттік ұжымдағы тұлғааралық қатынастарды дамыту мәселесі әлі де жеткілікті түрде зерттеле қойған жоқ. Тұлғааралық қатынастарды зерттеу, тұлғааралық қатынастардың жастардың өміріне ықпалын зерделеу, оның белгілі бір ұжымға мәжбүрлі түрде қатыстылығы мәселесі, сондай-ақ оның уақытшалығы бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының бірі ретінде қарастыруға болады. Осыған орай тұлғааралық қатынастарды зерттеуде теориядан алшақтап, күнделікті шынайы өмірдегі қарым-қатынасды, ұжымдар мен топтардағы мінез-құлық мотивтерін қарастыруға, оларды оңтайландыруға басымдық беру қажеттілігі туындап отыр.

Қоғамдық ортада студент жастардың өздеріне тән өмірлік ұстанымдары, құндылықтар бағыты, мінез-құлық, іс-әрекет мотивтерінде өзіндік ерекшеліктері бар. Сол себепті студенттерді оқу үдерісі барысында түрлі стрестік жағдайларға ұшырау қаупі жоғары, тәуекелге бел буатын әлеуметтік топ қатарына жатқызуға болады. Тәуекел факторларының қатарына академиялық жүктемелерден басқа оқытушы мен студент арасындағы, курстастар арасындағы қарым-қатынас, оқу мен тәрбие, бағыт беру үдерістеріндегі көптеген жүйеленіп реттелмеген мәселелерді қоюға болады. Студенттердің даралық қасиеттерін ашуға бағытталмаған педагогикалық жағдай, кей мезетте жастардың психо-эмоционалдық жағдайының ескерілмеуі – олардың қиындықтар мен сыртқы ортадан келетін әсерлерге төтеп бере алмауына алып келеді. Ақпараттық және эмоционалдық жүктемелердің артуымен қатар жастардың бұрынғы ортасынан алшақтауы, әлеуметтік жағдайының өзгеріске ұшырауы секілді факторлар студенттердің психоэмоционалдық жағдайының анағұрлым төмендеп, стрестік жағдайларды жеңіп шығуға кедергі болатын секемденгіштік, алаңдаушылық, өзіне деген сенімсіздік, т.б. секілді қасиеттерді алға шығарады. Сонымен қатар жастардың эмоционалдық құндылықтарын ескеру жұмыстары оқу мен тәрбие үдерісінен шеттеп қалып, тұлғалық табыстарға жету жолдары қалыпқа келтірілмеген. Сол себепті жастар қандай да бір қиыншылықтармен бетпе-бет келгенде бойларында толықсыған энергияны бағыттау барысында қателікке ұрынуы ықтимал. Демек, дұрыс бағытталмаған энергия – адамның өзін құрдымға итермелейді. Соның салдарынан стресске жетелейтін психикалық, эмоционалдық кернеу етек алады.

Заманауи қоғам білім беру саласын ізгілендірудің көптеген жолдарын қарастыруда. Соның ішінде тұлғаның әлеуетін дамыту мәселесі алға қойылған. Әсіресе, білім алушы жастардың тұлғалық дамуы, өзін-өзі тануы және болашақ мамандығының мән-мағынасын терең түсінуіне баса мән берілуде. Кәсіби қызмет тек кәсіби дағдылардың қалыптасуымен ғана емес, оның жалпы психологиялық мәдениетінің қалыпты болуымен тығыз байланысты. Демек, студенттің эмоционалды және тұлғалық аумағының кемелденуі оның болашақ маман ретінде қалыптасуы мен өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Солай бола тұра, білім алушы жастардың эмоционалдық-тұлғалық, мотивациялық аумағының өмір сүру сапасымен өзара байланысы әлі толыққанды бір арнаға тоғыстырылмаған.

Эмоционалдық тұрақтылық – адамның ортаға бейімделу жағдайымен тығыз байланысты, сол себепті оны жеке-дара қарастырып, дамытып, жетілдіру мүмкін емес. Көптеген іс-әрекеттер және оларды ұйымдастыру жағдайында тәрбие үдерісіндегі тұлғаның әлеуметтік маңызы бар тұлғалық сипатын қалыптастыруда эмоцияның алар орны ерекше. Сонымен қатар, эмоционалдық тұрақтылық қиыншылықтар туындаған сәттерде эмоционалдық қозуды тежеуге немесе ұстамдылық танытуға жетелейтін психиканың кешенді қасиеттерінің бірі болып табылады. Ол сыртқы және ішкі психикалық жағдайдың деструктивті үдерістерге төтеп беруіне мүмкіншілік тудырады. Эмоционалдық тұрақтылық жоғары деңгейдегі эмоционалдық қозудан, стресске ұшырап, күйзеліске түсіп кетуден сақтап, шиеленіс пен қақтығыс жағдайларында адамның психо-эмоционалдық аумағын теріс әсерден сақтап қалуға септігін тигізеді. Сол себепті оны ағзаның өзін-өзі реттеуге бағытталған толық жүйелік жұмысының нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Тұлғаның әлеуметтенуі мен жаңа ортаға бейімделу процесінің жалпы заңдылықтарын педагогикалық-психологиялық мәселе ретінде А.А.Реев[1] төзімділік феноменінің құрылымында қарастырып, оны екіге бөледі: 1) тұлғаның сенсуалдық төзімділігі 2) тұлғаның

диспозициялық төзімділігі. Сенсуалдық төзімділік әлеуметтік ортаның ықпалына тұрақтылық танытумен байланысты, яғни қандай да бір қолайсыз фактордың әсеріне сезімталдықтың төмендеуі арқылы оған жауап беру деңгейінің әлсіреуімен сипатталды. Осылайша, сенсуалдық төзімділік толеранттықпен тығыз байланысты және әлеуметтік ортаның әртүрлі ықпалына, соның ішінде тұлғаарлық өзара әрекеттесу субъектілерінің әсеріне сезімталдық шегінің жоғарылауын білдіреді. Басқаша айтқанда, сенсуалды төзімділік – төзімділік танытуда қатаңдық, тастай беріктік. Ал төзімділікті әлеуметтік кемелденудің құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын болсақ, онда диспозициялық төзімділікті меңзейміз. Диспозициялық төзімділіктің негізінде тұлғаның әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында ұстамды болуын қамтамасыз ететін басқа механизм жатыр. Бұл жағдайда әңгіме тұлғаның өзін қоршаған ортасына белгілі бір (ұстамды) реакция көрсетуге бейімділігі, дайын болуы туралы болады. Диспозициялық төзімділіктің (ұстамдылықтың) артында тұлғаның белгілі бір ұстанымдары, оның қатынастар жүйесі жатыр.

Жаңа ортаға еніп, білім алушы жастар психоэмоционалдық және ақыл-ой жүктемесін арқалап қана қоймайды, олар жаңа ортаға бейімделіп, білім алудың жаңа жағдайына үйрену арқылы өмірге кәсіби бағытта жаңа көзқараспен қарауға және бір бағытты көздеуші ортамен тұлғалық қарым-қатынас орнатуға үйренеді.

Студенттің жоғарғы оқу орнында білім алу мотивациясы оның болашақта қандай маман болып шығатынымен ғана емес, тұлғалық жетілу, тұлғааралық қарым-қатынас орнату мәселесімен тығыз байланысты болып келеді. Себебі білім алу барысындағы студенттің белсенділігі немесе селқостығы оның эмоционалдық жағдайының және оны бақылай білуінің көрінісі іспеттес. Табысты білім алудың негізгі шарты – бұл студенттің өмір сапасының психикалық құрамдас бөліктерінің жоғары деңгейі. Ол студенттің білім беру ортасына тиімді бейімделе алу қабілетін, сондай-ақ қазіргі білім беру жүйесінің негізгі жүктемелеріне – білім алудағы талаптың артуы мен оны жеке адамның меңгере алу мүмкіндігінің шектеулігі немесе түрлі тосқауылдардың арасындағы қайшылықтарға лайықты жауап қайтара білу қабілетін көрсетеді.

«Эмоционалдық күйреу – тұлғаның психологиялық қорғаныс механизмі ретінде кейбір психикалық зақымдануларға жауап ретінде эмоцияларды толық немесе ішінара өшіру түрінде қалыптасатын жағдай».[2] Эмоционалдық күйреу белгілерінің пайда болуына жас ерекшеліктеріне орай өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігі де орасан зор ықпал етеді.

Жасөспірім үшін студент атанған кезең оның эмоционалдық интеллектінің қаншалықты қалыптасып, дамығаны сынға түсетін шақ. Себебі бұл жас аралығында кешегі жеткіншек өте сезімтал, еліктегіш келеді және өзін қызықтарған кез келген мінез-құлық пен іс-әрекеттерді қабылдауға бейім. Жастардың бойында эмоционалдық тұрақтылықтың қалыпты және толыққанды дамуы мен жетілуі үшін оқу мен тәрбиенің ғана емес, көңіл-күй көріністерінің де ықпалы орасан зор.

Осы тұрғыда Х.Т.Шерьязданованың[3] студенттерге білім беру және білім беру саласындағы қарым-қатынас тұжырымдамасына көз жүгіртетін болсақ, психологиялық дайындықты адамдар арасындағы өзара әрекет пен қарым-қатынас арқылы субъектінің өзектенуі ретінде қарастыруға болады. Тұлғааралық қарым-қатынас мәселесін қарастыра отырып, ғалым білім беру саласындағы жүйелілік қағидасын бірнеше рет атап көрсетеді. Өз тұжырымдамасында іс-әрекет теориясы, тұлға теориялары, когнитивті психология сияқты әртүрлі ғылыми мектептердің идеяларын өзара сабақтырады. Осы орайда қарым-қатынас коммуникативті іс-әрекет ретінде, тұлға дүниетанымы мен бағыттылығының дамуы қажетті шарт ретінде, сондай-ақ өзгелерді іріктеп қабылдау – әлеуметтік стимулдарға іріктемелі назар аударудың нәтижесі деп қарастырады.

А.В.Мудрик[4] тұлғаға бағытталған педагогикалық тәсіл ұсынып, тәрбиедегі тұлғалық тәсілді жүзеге асыру жолдары, әлеуметтену мен қарым-қатынас роліне ерекше назар аударады. Мектеп жасындағы балалар, соның ішінде жасөспірімдер мен жеткіншектер

арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне сипаттама береді. А.В.Мудриктің ЭТ тақырыбына тікелей тұжырымдама жасамаса да, оны тұлғаның әлеуметтену үдерісі мен әлеуметтік тәрбие тұрғысынан қарастырады. ЭТ-ты қалыптастыратын бірқатар педагогикалық факторларды аңғаруға болады:

- 1) тәрбиелік ортаның сипаты: психологиялық қауіпсіздік, эмоцианлдық жағымды ахуал, сенім мен қабылдау атмосферасы – бұл жасөспірім мен жеткіншектердің өзін қауіпсіз сезінуіне, өзін-өзі реттеу қабілетінің дамуына ықпал етеді;
- 2) педагог пен білім алушы арасындағы қарым-қатынас стилі: гуманистік қарым-қатынас, тұлғаға құрметпен қарау, диалог және ынтымақтастық – өзіне деген сенімділік, күйзеліс пен стреске төзімділікті қалыптастырады;
- 3) ұжымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыру: қатарластарымен бірлескен іс-әрекеттерге қатысу, әлеуметтік рөлдерді меңгеру, жетістікке жету тәжірибесі – өзіндік позитивті бағалау мен эмоционалдық тепе-теңдіктің қалыптасуына әсер етеді;
- 4) әлеуметтік маңызы бар әрекеттер: қоғамдық пайдалы жұмыстар, еріктілер қатарына қосылу, шығармашылық пен спорттық қызмет – тұлғаның маңыздылық сезімін арттырып, эмоционалдық шиеленісті азайтады;
- 5) өзін-өзі жүзеге асыруды педагогикалық тұрғыда қолдау: жеке ерекшеліктерін ескеру, қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, әлеуетін ашуға мүмкіндіктер тудыру, қиын жағдайда педагогикалық қолдау көрсету – эмоционалдық тұрақтылықтың ішкі ресурстарын қалыптастырады;
- 6) микроәлеуметтік факторлардың ықпалы: отбасы, білім беру ұйымы, құрдастар тобы – осы факторлардың өзара үйлесімдік табуы білім алушының эмоционалдық тұрақтылығын күшейтеді.

Демек, А.В.Мудриктің адамның әлеуметтену тұжырымдамасы бойынша ЭТ тікелей үйрету арқылы емес, әлеуметтік орта, қарым-қатынас жүйесі, іс-әрекетті педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастыру арқылы қалыптасады.

Ю.К.Бабанский[5] тәрбиені басқарылатын педагогикалық процесс деп қарап, эмоциялық тұрақтылықты оның тиімділігінің басты шартының бірі ретінде бағалайды:

- 1) педагогикалық процесті оңтайландыру арқылы баланың мүмкіншіліктеріне сай талап қою оқу-тәрбие жүктемесінің шамадан тыс болмауы;
- 2) талап пен қолдаудың тепе-теңдігі, сенім мен жауапкершілікті қатар дамыту;
- 3) оқушының белсенді позициясы – өзіндік іс-әрекет етуге тарту, шешім қабылдауға қатыстыру, білім алу процесінің субъектісі ретінде тану.

Ғалымның педагогикалық тұрғыдағы тұжырымдамасы бойынша білім ошағы мен педагогтер тарпынан жасалатын осындай әрекеттер білім алушылар бойында күйзеліс пен шаршауды азайтып, эмоциялық тепе-теңдікті сақтауына септігін тигізеді. ЭТ тәрбиенің мақсаты ғана емес, оның тиімділігінің маңызды шарттарының бірі.

Педагогикалық өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас әдістері, оқытудың және күнделікті өмірдің табиғи жағдайлары, сондай-ақ тұлғалық және эмоциялық даму – барлығы біртұтас жүйенің өзара байланысты элементтері болып табылады және бұл жүйе тұлғаның эмоционалдық саласының қалыптасуына ықпал етеді. Білім алушының эмоционалдық интеллектісін тиімді түрде дамыту мақсатты педагогикалық-психологиялық қолдау арқылы қамтамасыз етіледі. Мұндай сүйемелдеу білім алушылардың эмоциялық күйін өздігінен реттеу дағдыларын қалыптастыруға және олардың эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға бағытталды. «Қарым-қатынас үдерісін басқару қабілеті – бұл қарым-қатынас барысында өзін ұстай білу, басқаларға ықпал ете алу, топтық қақтығыстардың алдын алу және оларды шешудің тиімді жолдарын таба білу қабілеті».[6].

Тұлғаны тұлғааралық қабылдау, әлеуметтік қабылдау және ықпал ету мәселелері К.А.Абульханова-Славская[7] көзқарасы бойынша, білім алушының әлеуметтену факторларымен тығыз байланысты. Тұлға – өз өмірінің субъектісі, демек білім алушы – тәрбиенің объектісі емес, субъектісі. Себебі ол тұлғааралық қатынаста белсенді позицияға ие, қарым-қатынас орнату арқылы өз әлеуетін ашады және жүзеге асырады. Ғалым білім алу саласындағы тұлғааралық қатынасты бірнеше аспектілері бойынша тарқатады:

- 1) тұлғааралық қатынас – әлеуметтенудің негізгі механизмі: тұлға әлеуметтік тәжірибені қарым-қатынас арқылы меңгереді; құрдастарымен өзара әрекет – әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды игерудің басты арнасы; қатынас тұлғаның ішкі әлемін қалыптастырады;
- 2) бірлескен іс-әрекет қатынас бірлігі ретінде: іс-әрекет пен қатынас өзара тығыз байланысты; ұжымдық іс-әрекетте тұлғааралық байланыстар дамиды; әлеуметтік рөлдер, жауапкершілік қалыптасады;
- 3) қарым-қатынастың тұлғалық мағынасы – қарым-қатынас формальды емес, мағыналы болуы шарт; өзара құрмет, сенім, эмоционалдық қабылдау маңызды; тұлғаның өзін-өзі бағалауы қарым-қатынас арқылы қалыптасады;
- 4) әлеуметтік орта және тұлғаның даму жағдайлары: әлеуметтік орта тұлғаны шектей де, дамыта та алады; педагогтің басты міндеті дамытушы орта құру; тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Демек, педагогикалық орта – әлеуметтенудің маңызды факторы болып табылады. К.А.Абульханова-Славскаяның субъектілік тұжырымдамасына сәйкес, білім алушылар арасындағы тұлғааралық қатынас әлеуметтенудің жетекші механизмі болып табылады, ал бірлескен іс-әрекет пен мағыналы қарым-қатынас тұлғаның әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыда дамуын қамтамасыз етеді.

Студенттердің ЭТ-ғын дамытуға бағытталған педагогикалық шарттарды үш деңгейге бөліп қарастыруға болады:

- 1) жеке жұмыс – эмоционалдық ұстамдылыққа қажетті құралдармен танысу, күйзелістердің алдын алу жұмыстарын жүргізу;
- 2) тұлғааралық кезең – курстастарымен, оқытушылармен, жанұя мүшелерімен қарым-қатынастын оңтайландыру;
- 3) ұйымдастыру кезеңі – эмоционалдық тұрақтылығын дамыту арқылы әлеуметтену мен білім алу процесін оңтайландыру.

Студенттің эмоционалдық тұрақтылығын дамытуға бағытталған педагогикалық шарттардың бірі жағымды психологиялық орта қалыптастыру арқылы алдын алу жұмыстарын уақытылы жүргізу болып табылады. ЭТ әлсіздігінен пайда болатын эмоционалдық күйреу жағдайларының алдын алуға бағытталған мынадай міндеттер шешілуі тиіс:

- 1) студенттің эмоционалдық-тұлғалық аумағын, әлеуметтік ортаға бейімделуін кешенді түрде зерделеу;
- 2) студенттің оңтайлы психоэмоционалдық жағдайын сақтауға және дамытуға бағытталған алдын алу және ағарту бағдарламаларын жасау және ендіру;
- 3) студенттерді психологиялық тұрғыда қорғауға бағытталған жаңа ортаға бейімделуге негізделген әртүрлі шараларды жүйелі түрде енгізу жұмыстары.

Білім алушылардың тұлға ретіндегі эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттардың негізінде психологиялық сауаттылықты көтеру технологиясы жатыр:

- өзін-өзі тану және өзіндік талдау – білім алушының бойындағы эмоционалдық тұрақтылықтың әлсіреуінен эмоционалдық күйреуге итермелейтін психологиялық жеке ерекшеліктер;
- өз-өзіне деген көзқарас – өзін-өзі қабылдау деңгейін көтеру, өзінің жағымды және

жағымсыз мінез-құлқын шынайы қабылдау;

- өзін-өзі реттеу – өзін басқаруға қажетті дағдыларды қалыптастыру, эмоциялар мен ішкі толғаныстарымен жұмыс істеу;
- психологиялық сауаттылық – стрестік жағдайларды басқаруға қажетті біліммен танысу, нақты жағдайға бейімделу, психологиялық қорғаныс дағдыларын дамыту.

Студенттердің ЭТ дамытуға бағытталған педагогикалық шарттар студенттің психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға, мотивациялық аумағына, жалпы өмір сапасын жақсартуға оңтайлы әрекет етеді:

- білім алушыларға деген гуманистік қатынас, жағымды баға беру;
- кері байланыспен қамтамасыз ету, студент пен педагог арасындағы тең дәрежелі диалог;
- өзін-өзі дамытуға, өзіндік білім алуға, шығармашылыққа бағытталған жағдай тудыру;
- студенттік белсенділігін арттыруға жағдай жасау;
- студенттің қарым-қатынас орнату мен әлеуметтенуіне бағытталған әрекеттерді ұйымдастыру.

Демек, студенттің ЭТ қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық шарттар ретінде атап өтуге болады:

- 1) өмірлік белсенді ұстанымдарды дамыту: оптимизм, өз-өзіне сенімділік, тұрақтылық;
- 2) студенттің шығармашылық әлеуетін ашу: қойылған тапсырмаларды шешуде тапқырлық таныту, тұлғалық креативтілік;
- 3) өмірлік ұстанымдарының шынайы өмірмен байланысы: реалистіккөзқараспен қарау;
- 4) стрестік жағдайларды басқару мен одан оңтайлы шығуға бағытталған бейнелі ойлау қабілеттерін дамыту: орынды әзіл, ұшқыр ой, өзін-өзі сыйлау.

Педагогикалық қызмет субъектілерінің өзара әрекеттесуінің барлық деңгейлерінде тұлғааралық қарым-қатынас әртүрлі функцияларды атқарады. Оларға, мысал ретінде, ақпаратты жеткізу және оны ұйымдастыру, ақпарат алмасу, әңгімелесушіге ықпал ету, тіпті оның мінез-құлқын басқару да жатады. Осылайша, егер педагог субъектілерді әлеуметтік топқа енгізу үдерісін ұйымдастырса, онда ол сәйкестендіру, даралану, дербестену үдерістеріне барынша ықпал ететін сөздік қарым-қатынастың формаларын таңдауы тиіс. Бұл үдерістің мәнін білу, оларды ұйымдастыра алу педагогтың әлеуметтік құзыреттілік деңгейін анықтайды.

Психологиялық қамтылудың айқындалу дәрежесіне орай оның сапасы толық рефлексиядан бастап, рефлексияның мүлдем болмауына дейін өзгеруі мүмкін. Рефлексивтік сананың жоғары деңгейі оқу үдерісі үшін жоғары жауапкершілікпен, барлық жағдайда тиімді өзін-өзі бақылауымен, сондай-ақ тұлғаның осы микрортада өзін-өзі жүзеге асыра алу қабілеттерімен өзара байланысты. Педагогикалық өзара әрекетке бағытталудың ең тиімді көрсеткіші – оқу тобындағы тұлғаның ұстанымы болып табылады. Психологиялық деңгейде бұл көрсеткіштер субъектінің мотивациясы мен оның мінез-құлықтық стратегиялар түріндегі қабілеттері арқылы жанамаланады.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан алғанда, педагогикалық өзара әрекетке жоғары деңгейде бағытталған студенттер жоғары академиялық үлгерімімен, тәртібімен, жоғары социометриялық мәртебесімен, тұлғашылық әлеуеттің іске асу дәрежесіне берілетін жоғары сараптамалық бағамен және қоғамдық белсенділіктің айқын көрінуімен берілетін бағамен ерекшеленеді. Тұлғалық тұрғыда олар мақсатқа жетуде табандылық танытады, іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін ойлап табуға ұмтылады, бәселестікке мойынсұнбай, жетістіктерді өзгелермен бірге бастан кешуге деген ниетімен сипатталады. Мұндай тұлғалар топта әрдайым жақсы

қарым-қатынасты сақтауға ұмтылады, эмпатия, бірлескен іс-шараларға қатысуымен және өзгелерді тартуымен ерекшеленеді.

Педагогикалық өзара әрекеке бағытталудың орташа деңгейі үлгерім мен социометрияның орташа бағаларымен, тұлғашылық әлеуеттің іске асу дәрежесіне берілетін орташа кейде төмен сараптамалық бағаларымен, әрекет мотивациясында бедел мен гедонистік мотивтердің жоғары бағалануымен, сындарлы емес мінез-құлық иегері, бірлескен іс-шараларға қатысуға құлықсыздығымен, өзгелер үшін өз ыңғайсыздығынан бас тарта алмау қабілеттерімен сипатталады.

Бағытталудың төмен деңгейі оңтайлы емес мінез-құлық стратегияларының айқын көрінуі, ұжымшылдық мотивтерінің төмен болуы, тұлғалық әлеуетінің іске асу деңгейінің төмен көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Мұндай тұлғалар бойында невротикалық түрде жауап қайтаруға бейімдік, психоэмоционалдық шиеленіс синдромының айқын көрінуі, жеке көңіл-күй реңкіндегі елеулі ауытқулар, тіпті күйзеліске бейімділік тән екендігін атап өткен жөн. Әдетте мұндай студенттердің оқу үлгерімі, қоғамдық белсенділік көрсеткіштері, коммуникативтік қабілеттері төмен болады.

Студент бойында түрлі эмоционалдық факторлардың үйлесімділік табуы: эмоционалдық сезімталдық, эмоционалдық тұрақтылық, жүйке жүйесінің теңгерімдігі оның ортаға бейімделуі мен кәсіби жетістіктерге жетуінің жоғары эмоционалдық бағанының бар екендігін көрсетеді. Төмен деңгейде бейімделген студенттердің мінез-құлық ұстанымдары жағымды эмоционалдық факторларға ие студенттер ұстанымымен ұқсас болып келеді, десек те бейімделу деңгейінде төмен көрсеткіштер көрініс береді. Оларға әлеуметтік бейімделу, ортаға бағдарлану, коммуникативті тәжірибе факторлары кедергі келтіріп жатады. Сол себепті эмоционалдық тұрақтылық адамдар арасында қарым-қатынас орнатудың басты құралдарының бірі болып саналады.

Қорыта айтқанда, эмоционалдық тұрақтылық – адамның өміріндегі түрлі қиындықтар мен күйзелістерге қарсы тұра білу қабілетін білдіретін маңызды психологиялық қасиет. Ол жеке тұлғаның ішкі тепе-теңдігін сақтауға, дұрыс шешім қабылдауға және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді. ЭТ жоғары адам стрестік жағдайда сабыр сақтап, жағымсыз эмоцияларды басқара алады. Сондықтан бұл қасиетті дамыту – адамның жекелеген жетістіктерінің негізі. Өзін-өзі тану, позитивті ойлау, тиімді қарым-қатынас және тұрақты өзін-өзі дамыту эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырудың басты жолдары болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Реан А. А. Психология личности. — СПб.: «Питер», 2016. – 288 с.
2. Бойко В.В. Правила эмоционального поведения. – СПб.: Речь, 1997. – 286 с.
3. Шерьязданова Х.Т., Ермакбаева Л.К., Абеуова И,Ә., Алибаева Р.Н., Әмірбекова М.Ә. Қарым-қатынас психологиясы // Алматы: Отан, 2023 – 341 бет
4. Мудрик А.В. Социализация человека // Москва: Академия, 2006. – 305с.
5. Бабанский Ю. К., Лернер И. Я., Махмутов М. И. Методы обучения // Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических институтов/под ред. Ю.К.Бабанского. Москва: Педагогика, 1983 – 250с
6. Тайболатов Қ. М., Черник В.Е., Ерофеева Р.Ж. Шетелдік теориялар контекстіндегі білім алушылардың эмоционалды интеллектісі// Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. №4, 2021 – URL: <https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/351.pdf>
7. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни// Москва: Мысль. 1991. — 299,[2] с.